Приложение №7
к протоколу очного заседания
Правления АО «Самрук-Казына»
от «23» декабря 2021 года №58/21

Жалғыз
қатысушының
2021 жылғы «21» желтоқсандағы
шешімімен бекітілген
(№58/21 хаттама)

Утвержден
решением единственного
участника
23» декабря 2021 года
(протокол №58/21)

# «Самұрық-Қазына Өңдеу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ЖАРҒЫСЫ

# УСТАВ Товарищества с ограниченной ответственностью «Samruk-Kazyna Ondeu»

Қазақстан Республикасы
2021 жыл

| | |
|---|---|
| **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР** | **1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ** |
| 1.1. «Самұрық-Қазына Өңдеу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - «Серіктестік») өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негізінде жүзеге асырады.<br>1.2. Серіктестік заңды тұлға – коммерциялық ұйым, орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.<br>1.3. Серіктестіктің толық атауы:<br>- қазақ тілінде: «Самұрық-Қазына Өңдеу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі<br>- орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Самұрық-Қазына Өңдеу»;<br>- ағылшын тілінде: «Samruk-Kazyna Ondeu» Limited Liability Partnership.<br>1.4. Серіктестіктің қысқаша атауы:<br>- қазақ тілінде: «СҚ Өңдеу» ЖШС;<br>- қысқаша атауы – ТОО «SK Ondeu»;<br>- ағылшын тілінде: «SK Ondeu» LLP.<br><br>1.5. Серіктестіктің орналасқан жері мен мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, №17/10-ғимарат.<br>1.6. Серіктестіктің жұмыс істеу мерзімі шектелмейді. | 1.1. Товарищество с ограниченной ответственностью «Самрук-Қазына Өңдеу» (в дальнейшем «Товарищество») осуществляет свою деятельность на основании Гражданского Кодекса Республики Казахстан, Закона Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» и иными нормативно правовыми актами Республики Казахстан.<br>1.2. Товарищество является юридическим лицом – коммерческой организацией, субъектом среднего предпринимательства.<br>1.3. Полное наименование Товарищества:<br>- на казахском языке: «Самұрық-Қазына Өңдеу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;<br>- на русском языке: Товарищество с ограниченной ответственностью «Samruk-Kazyna Ondeu»;<br>- на английском языке: «Samruk-Kazyna Ondeu» Limited Liability Partnership.<br>1.4. Сокращенное наименование Товарищества:<br>- на казахском языке: «СҚ Өңдеу» ЖШС;<br>- на русском языке: ТОО «SK Ondeu»;<br>- на английском языке: «SK Ondeu» LLP.<br>1.5. Место нахождения и адрес Товарищества: Республика Казахстан, Z05T1X3, город Нур-Султан, район Есиль, улица Сығанақ, строение №17/10.<br>1.6. Срок деятельности Товарищества не ограничен. |
| **2. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ** | **2. УЧРЕДИТЕЛЬ ТОВАРИЩЕСТВА** |
| 2.1. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы Серіктестіктің құрылтайшысы және Жалғыз қатысушысы болып табылады.<br>2.2. Жалғыз қатысушының орналасқан жері мен мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 17/10-ғимарат.<br>2.3. Жалғыз қатысушының банктік деректемелері: БСН 081140000436, БСК: NBRKKZKX, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» ММ-дегі ЖСК KZ91125KZT1001300144. | 2.1. Учредителем и Единственным участником Товарищества является Акционерное общество «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына».<br>2.2. Место нахождения и адрес Единственного участника: Республика Казахстан, Z05T1X3, город Нур-Султан, район Есиль, улица Сығанақ, строение 17/10.<br>2.3. Банковские реквизиты Единственного участника: БИН 081140000436, БИК: NBRKKZKX, ИИК KZ91125KZT1001300144 в ГУ «Национальный банк Республики Казахстан». |
| **3. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ** | **3. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ТОВАРИЩЕСТВА** |
| 3.1. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап заңды тұлғаның құқығын алады.<br><br>3.2. Серіктестіктің дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы көрсетілген мөрі бар.<br><br>3.3. Серіктестіктің Серіктестік Басқармасымен бекітілетін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында (бұдан әрі – заңнама) белгіленген тәртіппен | 3.1. Товарищество приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.<br>3.2. Товарищество имеет самостоятельный баланс, банковские счета, имеет печать с указанием своего наименования на государственном и русском языках.<br>3.3. Товарищество может иметь свой товарный знак и/или символику, которые утверждаются Правлением Товарищества и регистрируются в порядке, установленном |

| | |
|---|---|
| тіркелетін өз тауар белгісі және/немесе рәмізі болуы мүмкін. і. | действующим законодательством Республики Казахстан (далее – Законодательство). |
| 3.4. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың құрылтайшысы болуға құқылы. | 3.4. Товарищество вправе создавать на территории Республики Казахстан и за ее пределами филиалы и представительства, вступать в объединения (союзы) с другими юридическими лицами, а также быть учредителем иных юридических лиц. |
| 3.5. Серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және Жалғыз қатысушының міндеттемелері бойынша жауап бермейді. | 3.5. Товарищество отвечает по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом и не отвечает по обязательствам Единственного участника. |
| 3.6. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзі енгізген салым құны шегінде Серіктестіктің қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді. | 3.6. Единственный участник Товарищества не отвечает по его обязательствам и несет риск убытков, связанных с деятельностью Товарищества, в пределах стоимости внесенного им вклада. |
| 3.7. Серіктестіктің өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар, келісімдер және т.б.) жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді алуға, сотта талапкер немесе жауапкер болуға құқығы бар. | 3.7. Товарищество имеет право от своего имени заключать сделки (договоры, контракты, соглашения и т.п.), приобретать имущественные и личные неимущественные права и обязанности, выступать истцом или ответчиком в суде. |
| 3.8. «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін «Самұрық-Қазына» АҚ тобының Қайырымдылық бағдарламасында Серіктестіктің қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі көзделген жағдайларды қоспағанда, Серіктестік қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуге құқылы емес. | 3.8. Товарищество не вправе оказывать благотворительную (спонсорскую) помощь за исключением случаев, когда оказание Товариществом благотворительной (спонсорской) помощи предусмотрено Благотворительной программой группы АО «Самрук-Қазына», утверждаемой в порядке, предусмотренном Законом Республики Казахстан «О фонде национального благосостояния». |
| 3.9. Серіктестіктің Заңнамада көзделген басқа да құқықтары мен міндеттері болуы мүмкін. | 3.9. Товарищество может иметь другие права и обязанности, предусмотренные Законодательством. |
| 3.10. Серіктестік сондай-ақ Заңнамаға қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы. | 3.10. Товарищество также вправе осуществлять иные действия, не противоречащие Законодательству. |
| **4. СЕРІКТЕСТІКТІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ** | **4. ОСНОВНАЯ ЦЕЛЬ, ЗАДАЧИ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТОВАРИЩЕСТВА** |
| 4.1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты шаруашылық қызметтен таза табыс алу және Қазақстан Республикасында химия өнеркәсібін дамытуға қатысу болып табылады. | 4.1. Основной целью деятельности Товарищества является получение чистого дохода от хозяйственной деятельности и участие в развитии химической промышленности в Республики Казахстан. |
| 4.2. Серіктестіктің міндеттері: | 4.2. Задачами Товарищества являются: |
| 1) химия саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру; | 1) разработка и реализация инвестиционных проектов в химической отрасли; |
| 2) меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Серіктестікке тиесілі активтерді тиімді басқару болып табылады. | 2) эффективное управление активами, принадлежащими Товариществу на праве собственности или доверительного управления. |
| 4.3. Серіктестік қызметінің мәні мыналар болып табылады: | 4.3. Предметом деятельности Товарищества являются: |
| 1) химия саласындағы инвестициялық жобаларды ұйымдастыру үшін қажетті зерттеулерді, сараптамаларды және өзге де жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу; | 1) организация и проведение исследований, экспертиз и иных работ, необходимых для организации инвестиционных проектов в химической отрасли; |
| 2) химия саласындағы инвестициялық жобаларды ұйымдастыру үшін қажетті жер қойнауын пайдалану саласындағы жобаларды ұйымдастыру және іске асыру; | 2) организация и реализация проектов в области недропользования, необходимых для организации инвестиционных проектов в химической отрасли; |
| 3) Серіктестіктің кейіннен осындай заңды тұлғадағы акцияларды (қатысу үлестерін) | 3) участие Товарищества в учреждении и (или) приобретении акций (долей участия) иных |

| | |
|---|---|
| иеліктен шығару мүмкіндігімен химия саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру үшін Серіктестіктің өзге заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін) құруға және (немесе) сатып алуға қатысуы;<br>4) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығы негізінде Серіктестікке тиесілі заңды тұлғаларды тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін оларды корпоративтік басқарудың әлемдік үздік практикасын енгізу;<br>5) Серіктестіктің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін және Заңнамаға қайшы келмейтін өзге де қызмет.<br>4.4. Серіктестік лицензия, рұқсаттар, сертификаттар негізінде тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалатын жекелеген қызмет түрлерімен айналыса алады. | юридических лиц для реализации инвестиционных проектов в химической отрасли с возможностью последующего отчуждения Товариществом акций (долей участия) в таком юридическом лице;<br>4) внедрение лучшей мировой практики корпоративного управления юридических лиц, более пятидесяти процентов голосующих акций (долей участия) которых принадлежат Товариществу на праве собственности или доверительного управления для обеспечения эффективного управления ими;<br>5) иная деятельность, соответствующая основным целям и задачам Товарищества и не противоречащая Законодательству.<br>4.4. Отдельными видами деятельности, перечень которых определяется Законодательством Республики Казахстан, Товарищество может заниматься на основании лицензии, разрешений, сертификатов. |
| **5. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ** | **5. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ЕДИНСТВЕННОГО УЧАСТНИКА ТОВАРИЩЕСТВА** |
| 5.1. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы:<br>1) қолданыстағы Заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіппен Серіктестіктің ісін басқаруға қатысуға;<br>2) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге құжаттамасымен танысуға;<br>3) Заңнамаға, осы Жарғыға және Жалғыз қатысушының шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен кіріс алуға;<br>4) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға;<br>5) Заңнамада көзделген тәртіппен өз үлесін иеліктен шығару жолымен Серіктестікке қатысуды тоқтатуға;<br>6) Заңда және (немесе) Серіктестіктің жарғысында көзделген оның құқықтарын бұзатын Серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен наразылық танытуға;<br>7) Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің, Басқармасының отырысын шақыруды талап етуге;<br>8) Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудитті өз есебінен жүргізуді талап етуге құқылы.<br>5.2. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы:<br>1) Серіктестіктің жарғылық капиталына Заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімде салым салуға;<br>2) Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;<br>3) Серіктестік Басқармасына атауының, орналасқан жерінің, банк деректемелерінің өзгергені туралы жазбаша хабарлауға міндетті. | 5.1. Единственный участник Товарищества имеет право:<br>1) участвовать в управлении делами Товарищества в порядке, предусмотренном действующим Законодательством и Уставом;<br>2) получать информацию о деятельности Товарищества и знакомиться с его бухгалтерской и иной документацией;<br>3) получать доход от деятельности Товарищества в соответствии с Законодательством, настоящим Уставом и решениями Единственного участника;<br>4) получить в случае ликвидации Товарищества стоимость части имущества, оставшегося после расчетов с кредиторами, или часть этого имущества в натуре;<br>5) прекратить участие в Товариществе путем отчуждения своей доли в порядке, предусмотренном Законодтельством;<br>6) оспаривать в судебном порядке решения органов Товарищества, нарушающие его права, предусмотренные Законом и (или) Уставом Товарищества;<br>7) требовать созыва заседания Наблюдательного совета, Правления Товарищества;<br>8) требовать проведения за свой счет аудита финансовой отчетности Товарищества.<br>5.2. Единственный участник Товарищества обязан:<br>1) вносить вклад в уставный капитал Товарищества в порядке , размерах и в сроки, предусмотренные Законодательством и Уставом;<br>2) не разглашать сведения, которые Товариществом объявлены коммерческой тайной;<br>3) письменно измещать Правление Товарищества об изменении наименования, места нахождения, банковских реквизитов. |

| | |
|---|---|
| 5.3. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының Заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтары мен міндеттері болуы мүмкін. | 5.3. Единственный участник Товарищества может иметь другие права и нести другие обязанности, предусмотренные Законодательством и Уставом. |
| **6. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ** | **6. ИМУЩЕСТВО ТОВАРИЩЕСТВА** |
| 6.1. Серіктестіктің жарғылық капиталы 256 521 774 600 (екі жүз елу алты миллиард бес жүз жиырма бір миллион жеті жүз жетпіс төрт мың алты жүз) теңгені құрайды. | 6.1. Уставный капитал Товарищества составляет 256 521 774 600 (двести пятьдесят шесть миллиардов пятьсот двадцать один миллион семьсот семьдесят четыре тысячи шестьсот) тенге. |
| 6.2. Ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы мен зияткерлік қызметтің нәтижелеріне және өзге де мүлікке құқық (Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда) жарғылық капиталға салым болуы мүмкін. | 6.2. Вкладом в уставный капитал могут быть деньги, ценные бумаги, вещи, имущественные права, в том числе право землепользования и право на реультаты интеллектуальной деятельности и иное имущество (за исключением случаев, предусмотренных Законодательством). |
| 6.3. Салымды жеке мүліктік емес құқықтар және материалдық емес игіліктер түрінде енгізуге жол берілмейді. | 6.3. Не допускается внесение вклада в виде личных неимущественных прав и нематериальных благ. |
| 6.4. Қатысушының жарғылық капиталға салымын заттай нысанда немесе мүліктік құқықтар түрінде бағалауды тәуелсіз сарапшы растауға тиіс. | 6.4. Оценка вклада участника в уставный капитал в натуральной форме или в виде имущественных прав должна быть подтверждена независимым экспертом. |
| 6.5. Жалғыз қатысушының жарғылық капиталдағы үлесі және тиісінше оның Серіктестік мүлкі құнындағы үлесі оның Серіктестіктің жарғылық капиталындағы салымына тепе-тең. | 6.5. Доля Единственного участника в уставном капитале и соответственно его доля в стоимости имущества Товарищества пропорциональна его вкладу в уставный капитал Товарищества. |
| 6.6. Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін. | 6.6. По решению Единственного участника может быть изменен размер уставного капитала Товарищества. |
| 6.7. Серіктестіктің жарғылық капиталын ол мемлекеттік тіркелген кездегі Заңнамада белгіленген ең төменгі мөлшерден азайтуға жол берілмейді. | 6.7. Уменьшение уставного капитала Товарищества ниже минимального размера, установленного Законодательством на момент его государственной регистрации, не допускается. |
| 6.8. Серіктестіктің мүлкі оның балансында есепке алынады. | 6.8. Имущество Товарищества учитывается на его балансе. |
| 6.9. Серіктестіктің бір жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысы серіктестіктің жалғыз қатысушысының шешіміне сәйкес бөлінеді. | 6.9. Распределение чистого дохода, полученного Товариществом по результатам его деятельности за год, производится в соответствии с решением Единственного участника Товарищества. |
| **7. СЕРІКТЕСТІК ОРГАНДАРЫ** | **7. ОРГАНЫ ТОВАРИЩЕСТВА** |
| 7.1. Серіктестік органдары:<br>1) жоғарғы орган – Жалғыз қатысушы;<br>2) қадағалаушы орган – Қадағалау кеңесі;<br>3) атқарушы орган (алқалы) – Басқарма;<br>4) бақылаушы орган – Ревизиялық комиссия. | 7.1. Органами Товарищества являются:<br>1) высший орган – Единственный участник;<br>2) наблюдательный орган – Наблюдательный совет;<br>3) исполнительный орган (коллегиальный) – Правление;<br>4) контролирующий орган – Ревизионная комиссия. |
| **8. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ** | **8. КОМПЕТЕНЦИЯ ЕДИНСТВЕНОГО УЧАСТИКА ТОВАРИЩЕСТВА** |
| 8.1. Жалғыз қатысушының құзыретіне келесі мәселелер жатады:<br>1) Серіктестіктің жарғылық капиталы мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, оның Жарғысына | 8.1. К компетенции Единственного участника относятся следующие вопросы:<br>1) внесение изменений и дополнений в Устав Товарищества, включая изменение размера его уставного капитала, места |

| | |
|---|---|
| өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе Серіктестіктің жаңа редакциядағы Жарғысын бекіту; | нахождения и фирменного наименования, или утверждение Устава Товарищества в новой редакции; |
| 2) Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау; | 2) определение количественного состава, срока полномочий Наблюдательного совета Товарищества, избрание и досрочное прекращение полномочий Председателя и членов Наблюдательного совета Товарищества, а также определение размера и условий выплаты вознаграждений членам Наблюдательного совета Товарищества; |
| 3) Серіктестіктің Қадағалау кеңесі, Басқармасы және Ревизиялық комиссиясы туралы ережелерді бекіту; | 3) утверждение Положений о Наблюдательном совете, Правлении и Ревизионной комиссии Товарищества; |
| 4) Серіктестіктің төрағасы мен Басқарма мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ олармен еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтату; | 4) избрание и досрочное прекращение полномочий Председателя и членов Правления Товарищества, а также досрочное прекращение трудовых отношений с ними; |
| 5) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза кірісті бөлу; | 5) утверждение годовой финансовой отчетности и распределение чистого дохода; |
| 6) Серіктестікті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау; | 6) принятие решения о добровольной реорганизации или ликвидации Товарищества; |
| 7) тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту; | 7) назначение ликвидационной комиссии и утверждение ликвидационных балансов; |
| 8) Серіктестік мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім қабылдау; | 8) принятие решения о внесении дополнительных взносов в имущество Товарищества; |
| 9) аудиторлық ұйымды және Серіктестіктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау; | 9) определение аудиторской организации и размера оплаты услуг аудиторской организации, осуществляющей аудит Товарищества; |
| 10) Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай беру шарттарын айқындау; | 10) принятие решения о передаче Товарищества или его имущества, в доверительное управление и определение условий такой передачи; |
| 11) Серіктестіктің өзге заңды тұлғаларды құруға қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау; | 11) принятие решения об участии Товарищества в создании иных юридических лиц либо выходе из состава участников (акционеров) иных юридических лиц; |
| 12) Серіктестіктің басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау; | 12) принятие решения о приобретении (отчуждении) Товариществом акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц; |
| 13) Серіктестік мүлкінің барлығын немесе бір бөлігін кепілге салу туралы шешім қабылдау; | 13) принятие решения о залоге всего или части имущества Товарищества; |
| 14) Серіктестіктің нәтижесінде Серіктестік құны Серіктестік активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді жасауы туралы шешім қабылдау; | 14) принятие решения о заключении Товариществом сделки или совокупности взаимосвязанных между собой сделок, в результате которой (которых) Товариществом отчуждается (может быть отчуждено) имущество, стоимость которого составляет пятьдесят один и более процентов от общего размера балансовой стоимости активов Товарищества; |
| 15) Жалғыз қатысушыға және Серіктестіктегі үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібін және мерзімдерін бекіту; | 15) утверждение порядка и сроков предоставления Единственному участнику и приобретателям долей в Товариществе информации о деятельности Товарищества; |
| 16) Ревизиялық комиссияның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Серіктестіктің Ревизиялық комиссиясы мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің Ревизиялық комиссиясының есептері мен қорытындыларын бекіту; | 16) определение количественного состава, срока полномочий Ревизионной комиссии, избрание и досрочное прекращение полномочий членов Ревизионной комиссии Товарищества, а также утверждение отчетов и заключений Ревизионной комиссии Товарищества; |

| | |
|---|---|
| 17) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту; | 17) утверждение кодекса корпоративного управления, а также изменений и дополнений в него; |
| 18) Серіктестіктің Жарғысында Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа да құжаттарды бекіту; | 18) утверждение внутренних правил, процедуры их принятия и других документов, регулирующих внутреннюю деятельность Товарищества, кроме документов, утверждение которых Уставом Товарищества отнесено к компетенции иных органов Товарищества; |
| 19) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңына сәйкес Серіктестіктің Жалғыз қатысушысынан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім; | 19) решение о принудительном выкупе доли у Единственного участника Товарищества в соответствии с Законом РК «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью»; |
| 20) Заңнамаға, Жарғыға немесе Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі құжаттарға сәйкес Жалғыз қатысушының құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер. | 20) иные вопросы, отнесенные к компетенции Единственного участника в соответствии с Законодательством, Уставом или внутренними документами, регулирующими внутреннюю деятельность Товарищества. |
| 8.2. Жалғыз қатысушы, егер Жарғыда өзгеше белгіленбесе, өзінің айрықша құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерді Серіктестіктің Басқармасына немесе Қадағалау кеңесіне беруге құқылы. | 8.2. Единственный участник вправе, если иное не установлено Уставом, делегировать полномочия, не относящиеся к его исключительной компетенции, Правлению или Наблюдательному совету Товарищества. |
| 8.3. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы. | 8.3. Единственный участник Товарищества вправе принять к рассмотрению любой вопрос, связанный с деятельностью Товарищества. |
| 8.4. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің өзге органдарының Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер жөніндегі кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы. | 8.4. Единственный участник вправе отменить любое решение иных органов Товарищества по вопросам, относящимся к внутренней деятельности Товарищества. |
| 8.5. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін бекіту мәселесін есепті қаржылық жыл аяқталғаннан кейін үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде қарауға тиіс. | 8.5. Единственный участник Товарищества должен рассмотреть вопрос утверждения годовой финансовой отчетности Товарищества в срок не позднее трех месяцев после окончания отчетного финансового года. |
| **9. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІ** | **9. НАБЛЮДАТЕЛЬНЫЙ СОВЕТ ТОВАРИЩЕСТВА** |
| 9.1. Қадағалау кеңесі Басқарма қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін құрылған. | 9.1. Наблюдательный совет создан для осуществления контроля за деятельностью Правления. |
| 9.2. Қадағалау кеңесінің құзыретіне келесі мәселелер жатады: | 9.2. К компетенции Наблюдательного совета относятся следующие вопросы: |
| 1) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау және Серіктестіктің даму стратегиясын бекіту, сондай-ақ Даму стратегиясының іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру; | 1) определение приоритетных направлений деятельности Товарищества и утверждение стратегии развития Товарищества, а также осуществление мониторинга реализации стратегии развития; |
| 2) Қадағалау кеңесі бекітетін Серіктестіктің ішкі құжаттарының тізбесін бекіту; | 2) утверждение перечня внутренних документов Товарищества, утверждаемых Наблюдательным советом; |
| 3) Заңнамада және осы Жарғыда бекітілуі Жалғыз қатысушының және (немесе) Басқарманың құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды қоспағанда, Қадағалау кеңесі бекітетін тізбе бойынша Серіктестіктің ішкі құжаттарын бекіту; | 3) утверждение внутренних документов Товарищества по перечню, утверждаемому Наблюдательным советом, за исключением внутренних документов, утверждение которых Законодательством и настоящим Уставом отнесено к компетенции Единственного участника и (или) Правления; |
| 4) Серіктестіктің Бизнес-жоспарын бекіту; | 4) утверждение Бизнес-Плана Товарищества; |
| 5) кейіннен Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына бекітуге шығара отырып, | 5) предварительное утверждение годовой финансовой отчетности Товарищества с |

| | |
|---|---|
| Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту; | последующим вынесением на утверждение Единственному участнику Товарищества; |
| 6) Серіктестіктің жылдық есебін бекіту; | 6) утверждение годового отчета Товарищества; |
| 7) Серіктестіктің Бизнес-жоспарын іске асыру жөніндегі есепті қарау; | 7) рассмотрение отчета по реализации Бизнес-Плана Товарищества; |
| 8) Серіктестіктің Басқарма төрағасы мен мүшелеріне, Ревизиялық комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне лауазымдық жалақылардың мөлшерін, еңбекақы және сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау, олардың қызметін бағалау; | 8) определение размеров должностных окладов, условий оплаты труда и премирования Председателя и членов Правления, Председателя и членов Ревизионной комиссии Товарищества, оценка их деятельности; |
| 9) Серіктестіктің Басқарма төрағасына, Ревизиялық комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне, Серіктестіктің корпоративтік хатшысына көтермелеу шараларын қолдану және тәртіптік жаза қолдану; | 9) принятие мер поощрения и наложение дисциплинарных взысканий на Председателя Правления, Председателя и членов Ревизионной комиссии Товарищества, корпоративного секретаря Товарищества; |
| 10) Басқарма төрағасы мен мүшелеріне, Ревизиялық комиссияның төрағасы мен мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға, Комплаенс-офицеріне/Комплаенс қызметі басшыға басқа ұйымдарда жұмыс істеу және (немесе) лауазым (дар)ды атқару мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау; | 10) принятие решения о предоставлении согласия относительно возможности Председателю и членам Правления, Председателю и членам Ревизионной комиссии, Корпоративному секретарю, Комплаенс-офицеру/руководителю Службы комплаенс работать и (или) занимать должность (-и) в других организациях; |
| 11) Серіктестіктің корпоративтік хатшысын, қызметкерін тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын айқындау, корпоративтік хатшының қызметін бағалау, корпоративтік хатшының, қызметінің мақсат картасын және корпоративтік хатшының, мақсат карталарының орындалуы туралы есептерін бекіту; | 11) назначение, определение срока полномочий, досрочное прекращение полномочий, а также определение размера должностного оклада и условий вознаграждения корпоративного секретаря Товарищества, утверждение положения о корпоративном секретаре, оценка деятельности корпоративного секретаря, утверждение карты целей и отчетов об исполнении карты целей корпоративного секретаря; |
| 12) Серіктестіктің Комплаенс-офицерін/Комплаенс қызметі басшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, сондай-ақ өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Комплаенс қызметі туралы ережені бекіту, Серіктестік Комплаенс қызметінің жұмыс тәртібін, Комплаенс-офицердің/Комплаенс қызметі басшысының құзыреті мен функцияларын, сондай-ақ оның еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау мөлшері мен шарттарын анықтау, Комплаенс-офицерге/Комплаенс қызметінің басшысына көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау, Комплаенс-офицердің/Комплаенс қызметі басшысының жұмыс жоспарын бекіту, Комплаенс қызметінің жұмысы туралы жартыжылдық, жылдық есептерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау, комплаенс мәселелері бойынша Серіктестіктің саясаттарын, рәсімдерін және өзге де ішкі құжаттарын бекіту; | 12) назначение, определение срока полномочий Комплаенс-офицера/руководителя Службы комплаенс Товарищества, а также досрочное прекращение его полномочий, утверждение положения о Службе комплаенс, определение порядка работы Службы комплаенс Товарищества, компетенции и функций Комплаенс-офицера/руководителя Службы комплаенс, а также размера и условий его оплаты труда, премирования и социальной поддержки, принятие решений о поощрении и наложении дисциплинарных взысканий на Комплаенс-офицера/руководителя Службы комплаенс, утверждение плана работы Комплаенс-офицера/руководителя Службы комплаенс, рассмотрение полугодовых, годовых отчетов о деятельности Службы комплаенс Товарищества и принятие по ним решений, утверждение политик, процедур и иных внутренних документов Товарищества по вопросам комплаенс; |
| 13) Серіктестік жұмыскерлерінің жалпы санын және Серіктестіктің ұйымдық құрылымын бекіту; | 13) утверждение общей численности работников Товарищества и организационной структуры Товарищества; |
| 14) Серіктестіктің Басқарма төрағасы мен мүшелері үшін қызметтің уәждемелік түйінді көрсеткіштерін бекіту; | 14) утверждение мотивационных ключевых показателей деятельности для Председателя и членов Правления Товарищества; |
| 15) Ревизиялық комиссияның есептері мен қорытындыларын алдын ала мақұлдау; | 15) предварительное одобрение отчетов и заключений Ревизионной комиссии; |

| | |
|---|---|
| 16) Ревизиялық комиссияның жылдық жұмыс жоспарын бекіту; | 16) утверждение годового плана работы Ревизионной комиссии; |
| 17) өз құзыреті шеңберінде корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығыстарын мониторингтеу және реттеуге қатысу; | 17) мониторинг и участие в урегулировании корпоративных конфликтов и конфликтов интересов в рамках своей компетенции; |
| 18) қызметтік іссапарларға жіберілетін Серіктестік жұмыскерлерінің іссапар шығыстарының нормаларын, шығыстарын өтеу тәртібі мен шарттарын айқындау; | 18) определение норм командировочных расходов, порядка и условий возмещения расходов работникам Товарищества, направляемым в служебные командировки; |
| 19) Ревизиялық комиссияның төрағасы, корпоративтік хатшы мен Комплаенс-офицеріне/Комплаенс қызметі басшыға үшін қызметтің уәждемелік түйінді көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту; | 19) утверждение мотивационных ключевых показателей деятельности для Председателя Ревизионной комиссии, корпоративного секретаря и Комплаенс-офицера/руководителя Службы комплаенс, и их целевых значений; |
| 20) акцияларын (қатысу үлестерін) Серіктестік тікелей немесе жанама түрде иеленетін заңды тұлғаларда лауазымды адамдарды тағайындауға қатысты саясат әзірлеу; | 20) выработка политик в отношении назначения должностных лиц в юридических лицах, акциями (долями участия) которых прямо или косвенно владеет Товарищество; |
| 21) Серіктестіктің міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту; | 21) увеличение обязательств Товарищества на величину, составляющую десять и более процентов от размера его собственного капитала; |
| 22) Серіктестік немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау; | 22) определение информации о Товариществе или его деятельности, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну; |
| 23) басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын Серіктестікке сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қабылдау; | 23) принятие решения о передаче Товариществу в доверительное управление десяти и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц; |
| 24) есеп саясатын бекіту; | 24) утверждение учетной политики; |
| 25) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясатты бекіту; | 25) утверждение политики по управления рисками и внутреннему контролю; |
| 26) Серіктестіктің тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі рәсімдерін (Серіктестіктің ішкі құжаттарымен Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда) бекіту; | 26) утверждение внутренних процедур Товарищества по управлению рисками (за исключением вопросов, отнесенных внутренними документами Товарищества к компетенции других органов Товарищества); |
| 27) корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатты бекіту; | 27) утверждение политики в области корпоративной социальной ответственности; |
| 28) Серіктестіктің Іскерлік әдеп кодексін бекіту, сондай-ақ оның ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету; | 28) утверждение кодекса деловой этики Товарищества, а также обеспечение соблюдения его положений; |
| 29) Серіктестіктің ішкі бақылау жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау және ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту; | 29) обеспечение соблюдения и оценка эффективности системы внутреннего контроля Товарищества и утверждение внутренних документов, регулирующих систему внутреннего контроля; |
| 30) Серіктестікті корпоративтік басқарудың тиімділігін бағалау, өз құзыреті шеңберінде Серіктестіктің тиісті құжаттарына өзгерістерді бекіту; | 30) оценка эффективности корпоративного управления Товарищества, утверждение изменений в соответствующие документы Товарищества в рамках своей компетенции; |
| 31) Серіктестік омбудсменін тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ол туралы ережені бекіту; | 31) назначение и досрочное прекращение полномочий омбудсмена Товарищества, а также утверждения положения о нем; |
| 32) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызы Серіктестікке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау; | 32) принятие решений по вопросам деятельности, относящимся к компетенции общего собрания акционеров (участников) юридического лица, десять и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) которого принадлежит Товариществу; |
| 33) Серіктестіктің шетелдік филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту; | 33) принятие решений о создании и закрытии зарубежных филиалов и представительств Товарищества, и утверждение положений о них; |

| | |
|---|---|
| 34) басым инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту; | 34) утверждение перечня приоритетных инвестиционных проектов; |
| 35) тұрақты даму саласындағы құжаттарды, оның ішінде іс-шаралар жоспарлары мен есептерді бекіту; | 35) утверждение документов в области устойчивого развития, в том числе планы мероприятий и отчеты; |
| 36) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтерін, әкімшілік аппаратты орналастыруға арналған алаңдардың нормаларын айқындау; | 36) определение нормативов положенности служебных легковых автомобилей, норм площадей для размещения административного аппарата; |
| 37) жұмыскерлерге ұялы байланысты пайдалану құқығы берілген кезде Серіктестіктің қаражаты есебінен өтелетін шығыстардың лимиттерін, өкілдік шығыстардың лимиттерін және өзге де лимиттерді айқындау; | 37) определение лимитов возмещаемых расходов за счет средств Товарищества при предоставлении работникам права пользования мобильной связью, лимитов представительских расходов и иных лимитов; |
| 38) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының қарауына енгізілетін мәселелерді алдын ала мақұлдау; | 38) предварительное одобрение вопросов, выносимых на рассмотрение Единственному участнику Товарищества; |
| 39) заңнамада, осы Жарғыда және Серіктестіктің ішкі құжаттарында көзделген, Жалғыз қатысушы мен Серіктестік Басқармасының ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер жатады. | 39) иные вопросы, предусмотренные Законодательством, настоящим Уставом и внутренними документами Товарищества, не относящиеся к исключительной компетенции Единственного участника и Правления Товарищества. |
| 9.3. Қадағалау кеңесінің сандық құрамы Жалғыз қатысушы сайлайтын кемінде 3 (үш) адамды құрайды. Қадағалау кеңесінің мүшесі бір мезгілде Серіктестік Басқармасының мүшесі бола алмайды. | 9.3. Количественный состав Наблюдательного совета составляет не менее 3 (трех) человек, избираемых Единственным участником. Член Наблюдательного совета не может быть одновременно членом Правления Товарищества. |
| 9.4. Серіктестіктің Қадағалау кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі жалғыз қатысушының шешімінде айқындалады, бірақ 3 (үш) жылдан аспауға тиіс. | 9.4. Срок полномочий членов Наблюдательного совета Товарищества определяется в решении Единственного участника, но не может превышать 3 (трех) лет. |
| 9.5. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. | 9.5. Единственный участник вправе досрочно прекратить полномочия всех или отдельных членов Наблюдательного совета Товарищества. |
| 9.6. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Қадағалау кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісін құрайды. | 9.6. Кворум для проведения заседания Наблюдательного совета Товарищества составляет не менее двух третьих от общего числа членов Наблюдательного совета. |
| 9.7. Қадағалау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Қадағалау кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Қадағалау кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Қадағалау кеңесі төрағасының немесе Қадағалау кеңесінің отырысына төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады. | 9.7. Каждый член Наблюдательного совета имеет один голос. Решения Наблюдательного совета принимаются простым большинством голосов членов Наблюдательного совета, присутствующих на заседании. При равенстве голосов голос председателя Наблюдательного совета или лица, председательствующего на заседании Наблюдательного совета, являются решающим. |
| Жиынтығында жалпы дауыс санының төрттен үшінен астамын иеленетін Серіктестіктің Қадағалау кеңесі мүшелерінің келісімі кезінде Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің отырысын сырттай өткізу мүмкін болады. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған болып танылады. Қадағалау кеңесінің сырттай отырысының шешімдері жазбаша түрде ресімделуі және оған Қадағалау кеңесінің хатшысы мен төрағасы қол қоюы тиіс. | Заочное проведение заседания Наблюдательного совета Товарищества возможно при согласии членов Наблюдательного совета Товарищества, обладающих в совокупности более чем тремя четвертями от общего числа голосов. Решения посредством заочного голосования признается принятым при наличии кворума в полученных в установленный срок бюллетенях. Решения заочного заседания Наблюдательного совета должно быть оформлено в письменном виде и подписано секретарем и председателем Наблюдательного совета. |

| | |
|---|---|
| 9.8. Серіктестіктің Қадағалау кеңесін шақыру, отырыстар өткізу және шешімдер қабылдау тәртібі Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы бекітетін Қадағалау кеңесі туралы ережеде айқындалады. | 9.8. Порядок созыва, проведения заседаний и принятия решений Наблюдательного совета Товарищества определяется в Положении о Наблюдательном совете, утверждаемом Единственным участником Товарищества. |
| 9.9. Күн тәртібінің материалдары Қадағалау кеңесінің мүшелеріне Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мерзімде ұсынылады. | 9.9. Материалы по повесткам дня представляются членам Наблюдательного совета в сроки, установленные внутренними нормативными документами Товарищества. |
| **10. СЕРІКТЕСТІКТІҢ БАСҚАРМАСЫ** | **10. ПРАВЛЕНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА** |
| 10.1. Серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылық жасауды және оның істерін жүргізуді алқалы атқарушы орган - Серіктестіктің Басқармасы жүзеге асырады. Басқарма заңнамамен немесе Жарғымен Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының және (немесе) Қадағалау кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған Серіктестік қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы және Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесінің алдында өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты болады. | 10.1. Руководство текущей деятельностью Товарищества и ведение его дел осуществляется коллегиальным исполнительным органом - Правлением Товарищества. Правление вправе принимать решения по любым вопросам деятельности Товарищества, не отнесенным Законодательством или Уставом к компетенции Единственного участника и (или) Наблюдательного совета Товарищества, и несет ответственность перед Единственным участником и Наблюдательным советом за выполнение возложенных на него задач. |
| 10.2. Басқарма мүшелері өз міндеттерін орындау кезінде Серіктестік мүддесі үшін адал және парасатты әрекет етуі тиіс. | 10.2. При выполнении своих обязанностей члены Правления должны действовать в интересах Товарищества добросовестно и разумно. |
| 10.3. Басқарма Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы мен Қадағалау кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті. | 10.3. Правление обязано исполнять решения Единственного участника и Наблюдательного совета Товарищества. |
| 10.4. Басқарманың сайланатын мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адамды құрайды. | 10.4. Количество избираемых членов Правления составляет не менее 3 (трех) человек. |
| 10.5. Серіктестік Басқармасының төрағасы мен мүшелері Жалғыз қатысушының шешімімен 3 (үш) жылға дейін сайланады. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімдері жалпы Серіктестік Басқармасының өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді. | 10.5. Председатель и члены Правления Товарищества избираются решением Единственного участника до 3 (трех) лет. Сроки полномочий Председателя и членов Правления совпадают со сроком полномочий Правления Товарищества в целом. |
| 10.6. Серіктестіктің Басқарма басшысы оның төрағасы болып табылады. Серіктестік Басқармасының төрағасы Басқарманың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және Серіктестік Басқармасының отырыстарын басқарады. | 10.6. Руководителем Правления Товарищества является его Председатель. Председатель Правления Товарищества обеспечивает функционирование Правления и руководит заседаниями Правления Товарищества. |
| 10.7. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері заңнамада, осы Жарғыда, Серіктестіктің ішкі құжаттарында, сондай-ақ олардың әрқайсысы Серіктестікпен жасасатын еңбек шартында айқындалады. | 10.7. Права и обязанности членов Правления определяются Законодательством, настоящим Уставом, внутренними документами Товарищества, а также трудовым договором, заключаемым каждым из них с Товариществом. |
| 10.8. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің төрағасы Серіктестік Басқармасының төрағасының еңбек шартына қол қояды. | 10.8. Трудовой договор с Председателем Правления Товарищества подписывается Председателем Наблюдательного совета Товарищества. |
| 10.9. Серіктестік Басқармасының төрағасы Басқарма мүшелерімен, Ревизиялық комиссияның мүшелерімен, Қадағалау кеңесінің корпоративтік хатшысымен және Комплаенс-офицерімін/Комплаенс қызметінің басшысымен еңбек шартын жасасады. | 10.9. Трудовой договор с членами Правления, членами Ревизионной комиссии, корпоративным секретарем Наблюдательного совета и Комплаенс-офицером/руководителем Службы комплаенс заключается Председателем Правления Товарищества. |
| 10.10. Серіктестік Басқармасының құзыретіне мыналар жатады: | 10.10. К компетенции Правления Товарищества относится следующее: |
| 1) Серіктестік Қадағалау кеңесінің, Жалғыз қатысушының бекіту құзыретіне жатқызылған ішкі | 1) предварительное одобрение внутренних документов, утверждение которых отнесено к |

| | |
|---|---|
| құжаттарды әзірлеген жағдайда, оларды алдын ала мақұлдау; | компетенции Наблюдательного совета Товарищества, Единственного участника в случае их разработки Товариществом; |
| 2) Серіктестіктің Басқарма төрағасы мен мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігін алдын ала мақұлдау; | 2) предварительное одобрение возможности Председателя и членов Правления Товарищества работать в других организациях; |
| 3) бекітілуі Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының не Қадағалау кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған Серіктестіктің ішкі құжаттарын бекіту; | 3) утверждение внутренних документов Товарищества, утверждение которых не отнесено к компетенции Единственного участника либо Наблюдательного совета Товарищества; |
| 4) Қадағалау кеңесі бекіткен Серіктестік жұмыскерлерінің ұйымдық құрылымы мен штат санын ескере отырып, Серіктестіктің штат кестесін бекіту; | 4) утверждение штатного расписания Товарищества, с учетом утвержденных Наблюдательным советом организационной структуры и штатной численности работников Товарищества; |
| 5) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту үшін Қадағалау кеңесіне дайындау және ұсыну; | 5) подготовка и представление Наблюдательному совету для предварительного утверждения годовой финансовой отчетности; |
| 6) Серіктестікке басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызынан азын сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау; | 6) принятие решения о передачи Товариществу в доверительное управление менее десяти процентов акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц; |
| 7) Серіктестік қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті бекіту үшін Серіктестіктің Қадағалау кеңесіне дайындау және ұсыну; | 7) подготовка и представление Наблюдательному совету Товарищества для утверждения годового отчета об итогах деятельности Товарищества; |
| 8) Серіктестіктің даму стратегиясын, бизнес-жоспарын мақұлдау және Қадағалау кеңесінің қарауына ұсыну; | 8) одобрение и представление на рассмотрение Наблюдательного совета стратегии развития, Бизнес-Плана Товарищества; |
| 9) еңбек тәртіптемесінің қағидаларын бекіту; | 9) утверждение правил трудового распорядка; |
| 10) Серіктестік Басқармасы төрағасының ұсынуымен Басқарма хатшысын сайлау. Басқарма хатшысының мәртебесі, функциялары мен міндеттері Серіктестіктің ішкі құжаттарымен белгіленеді; | 10) избрание Секретаря Правления по представлению Председателя Правления Товарищества. Статус, функции и обязанности Секретаря Правления определяются внутренними документами Товарищества; |
| 11) Серіктестіктің бизнес-жоспарына, Серіктестіктің бюджетіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу шеңберінде Серіктестік бюджетін бекіту; | 11) утверждение бюджета Товарищества в рамках Бизнес-Плана Товарищества, изменений и дополнений в бюджет Товарищества; |
| 12) Ревизиялық комиссия шығаратын мәселелерді қоспағанда, Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының және Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің қарауына енгізілетін мәселелерді алдын ала мақұлдау; | 12) предварительное одобрение вопросов, выносимых на рассмотрение Единственному участнику Товарищества и Наблюдательному совету Товарищества, за исключением вопросов, выносимых Ревизионной комиссией; |
| 13) Серіктестік жұмыскерлерінің (Серіктестік Басқармасының төрағасы мен Басқарма мүшелерін, корпоративтік хатшыны және Ревизиялық комиссияның мүшелерін қоспағанда) еңбегіне ақы төлеу туралы қағидаларды және лауазымдық айлықақылардың схемасын бекіту; | 13) утверждение правил об оплате труда и схемы должностных окладов работников Товарищества (за исключением Председателя Правления и членов Правления Товарищества, корпоративного секретаря и членов Ревизионной комиссии); |
| 14) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ тобының Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес Серіктестіктің қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі туралы шешім қабылдау; | 14) принятие решений об оказании Товариществом благотворительной (спонсорской) помощи в соответствии Благотворительной программой группы АО «Самрук-Қазына», утверждаемой в порядке, предусмотренном Законом Республики Казахстан «О фонде национального благосостояния»; |
| 15) Басқарма бекітетін Серіктестіктің ішкі құжаттарының тізбесін бекіту; | 15) утверждение перечня внутренних документов Товарищества, утверждаемых Правлением; |

| | |
|---|---|
| 16) бекітілуі заңнамамен және осы Жарғымен Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесінің құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды қоспағанда, Серіктестіктің ішкі құжаттарын Басқарма бекітетін тізбе бойынша бекіту; | 16) утверждение внутренних документов Товарищества по перечню, утверждаемому Правлением, за исключением внутренних документов, утверждение которых Законодательством и настоящим Уставом отнесено к компетенции Единственного участника и Наблюдательного совета; |
| 17) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының немесе Қадағалау кеңесінің құзыретіне жатпайтын Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері жатады. | 17) иные вопросы обеспечения деятельности Товарищества, не относящиеся к компетенции Единственного участника или Наблюдательного совета Товарищества. |
| 10.11. Басқарма отырысын өткізуге арналған кворум Басқарманың сайланған мүшелерінің жалпы санының үштен екісін құрайды. Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы болады, Басқарманың шешімдері отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Басқарма төрағасының немесе Басқарма отырысына төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады. | 10.11. Кворум для проведения заседания Правления составляет две трети от общего числа избранных членов Правления. Каждый член Правления имеет один голос, Решения Правления принимаются простым большинством голосов членов Правления, присутствующих на заседании. При равенстве голосов голос Председателя Правления или лица, председательствующего на заседании Правления, являются решающим. |
| 10.12. Серіктестіктің Басқарма төрағасы: | 10.12. Председатель Правления Товарищества: |
| 1) Серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді; | 1) без доверенности действует от имени Товарищества; |
| 2) Серіктестікті ұсыну құқығына сенімхаттар, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығы бар сенімхаттар береді; | 2) выдает доверенности на право представления Товарищества, в том числе доверенности с правом передоверия; |
| 3) Серіктестіктің жұмыскерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбек шарттарына қол қояды; | 3) в отношении работников Товарищества издает приказы о назначении их на должность, об их переводе и увольнении, подписывает трудовые договоры; |
| 4) Серіктестіктің Ревизиялық комиссиясының мүшелерін қоспағанда, Серіктестіктің жұмыскерлеріне қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады; | 4) в отношении работников Товарищества принимает меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания, за исключением членов Ревизионной комиссии Товарищества; |
| 5) Басқарма мүшелерін, Ревизиялық комиссияның мүшелерін, Қадағалау кеңесінің корпоративтік хатшысын және Комплаенс-офицеріне/Комплаенс қызметі басшыға қоспағанда, еңбекке ақы төлеу жүйесін айқындайды, лауазымдық айлықақылар мөлшерін белгілейді, Серіктестік жұмыскерлеріне сыйлықақы беру мәселелерін шешеді; | 5) определяет системы оплаты труда, устанавливает размеры должностных окладов, решает вопросы премирования работников Товарищества, за исключением членов Правления, членов Ревизионной комиссии и корпоративного секретаря Наблюдательного совета; |
| 6) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді; | 6) в случае своего отсутствия возлагает исполнение своих обязанностей на одного из членов Правления; |
| 7) Серіктестіктің Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі; | 7) распределяет обязанности, а также сферы полномочий и ответственности между членами Правления Товарищества; |
| 8) Қадағалау кеңесіне және Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына еншілес және тәуелді ұйымдарды басқару туралы, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің Серіктестік қызметінің көрсеткіштеріне әсері туралы жартыжылдық есептер береді; | 8) представляет полугодовые отчеты Наблюдательному совету и Единственному участнику Товарищества об управлении дочерними и зависимыми организациями, а также о влиянии результатов финансово-хозяйственной деятельности дочерних и зависимых организаций на показатели деятельности Товарищества; |
| 9) заңнамамен, Жарғымен, Серіктестіктің ішкі құжаттарымен Басқарма төрағасының (ұйымның бірінші басшысының) құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер. | 9) иные вопросы, отнесенные Законодательством, Уставом, внутренними документами Товарищества к компетенции Председателя Правления (первого руководителя организации). |

| | |
|---|---|
| 10.13. Серіктестік Басқармасының мүшелеріне:<br>1) Жалғыз қатысушының келісімінсіз Серіктестікпен одан мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер (сыйға тарту, қарыз, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату шарттарын және т.б. қоса алғанда) жасасуға;<br>2) Серіктестіктің үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін Серіктестіктің өзінен де, үшінші тұлғалардан да комиссиялық сыйақы алуға;<br>3) үшінші тұлғалардың Серіктестікпен қарым-қатынастарында олардың атынан немесе мүдделері үшін әрекет жасау;<br>4) Серіктестік қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.<br>Жарғының осы тармағының 1)-3) тармақшаларында көзделген шектеулер Серіктестік Басқармасы мүшелерінің зайыбына, барлық тікелей кейінгі және ата-тегі тамыры бойынша туыстарына, сондай-ақ туған аға-інілері мен апа-сіңлілеріне де қолданылады. | 10.13. Членам Правления Товарищества запрещается:<br>1) без согласия Единственного участника заключать с Товариществом сделки, направленные на получение от него имущественных выгод (включая договоры дарения, займа, безвозмездного пользования, купли-продажи и др.);<br>2) получать комиссионное вознаграждение, как от самого Товарищества, так и от третьих лиц за сделки, заключенные Товариществом с третьими лицами;<br>3) выступать от имени или в интересах третьих лиц в их отношениях с Товариществом;<br>4) осуществлять предпринимательскую деятельность, конкурирующую с деятельностью Товарищества.<br>Ограничения, предусмотренные подпунктами 1)-3) настоящего пункта Устава, распространяются также на супруга, всех прямых нисходящих и восходящих родственников, а также родных братьев и сестер членов Правления Товарищества. |
| **11. СЕРІКТЕСТІКТІҢ РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯСЫ** | **11. РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ ТОВАРИЩЕСТВА** |
| 11.1. Серіктестік Басқармасының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге Ревизиялық комиссия сайланады. Серіктестік Басқармасының мүшелері бір мезгілде Ревизиялық комиссияның мүшелері бола алмайды.<br>11.2. Ревизиялық комиссия кез келген уақытта Серіктестік Басқармасының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Ревизиялық комиссияның осы мақсат үшін Серіктестіктің барлық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу құқығы бар.<br>11.3. Ревизиялық комиссия Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы бекіткенге дейін оның жылдық қаржылық есептілігіне міндетті түрде тексеру жүргізеді.<br>11.4. Ревизиялық комиссия өз қызметін Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы бекітетін Ревизиялық комиссия туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. | 11.1. Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью Правления Товарищества избирается Ревизионная комиссия на срок, не превышающий 5 (пять) лет. Членами Ревизионной комиссии не могут быть одновременно члены Правления Товарищества.<br>11.2. Ревизионная комиссия вправе во всякое время производить проверки финансово-хозяйственной деятельности Правления Товарищества. Ревизионная комиссия обладает для этой цели правом безусловного доступа ко всей документации Товарищества.<br>11.3. Ревизионная комиссия в обязательном порядке проводит проверку годовой финансовой отчетности Товарищества до утверждения ее Единственным участником.<br>11.4. Ревизионная комиссия осуществляет свою деятельность в соответствии с Положением о Ревизионной комиссии, утверждаемым Единственным участником Товарищества. |
| **12. СЫРТҚЫ АУДИТ** | **12. ВНЕШНИЙ АУДИТ** |
| 12.1. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру және растау үшін Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің немесе Серіктестік Басқармасының бастамасы бойынша осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Серіктестікпен, Басқарма, Қадағалау кеңесі мүшелерімен немесе Жалғыз қатысушымен мүліктік мүдделермен байланысы жоқ аудиторлық ұйымды (сыртқы аудитті) тартуға құқылы. | 12.1. Для проверки и подтверждения правильности годовой финансовой отчетности Товарищества, а также текущего состояния его дел Товарищество вправе по инициативе Наблюдательного совета или Правления Товарищества в порядке, определенном в настоящем Уставе, привлекать аудиторскую организацию (внешний аудит), не связанную имущественными интересами с Товариществом, членами Правления, Наблюдательного совета или Единственным участником. |

| | |
|---|---|
| 12.2. Аудит Жалғыз қатысушының талап етуі бойынша жүргізілген жағдайда Серіктестік аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті. | 12.2. В случае проведения аудита по требованию Единственного участника Товарищество обязано предоставлять всю необходимую документацию (материалы), запрашиваемую аудиторской организацией. |
| 12.3. Егер Басқарма Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит міндетті болғанда не оны жүргізуді Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы талап етсе, аудит кез келген мүдделі тұлғаның не Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының өтініші бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін. | 12.3. Если Правление уклоняется от проведения аудита финансовой отчетности Товарищества, когда аудит обязателен либо когда его проведения требует Единственный участник Товарищества, аудит может быть назначен решением суда по заявлению любого заинтересованного лица либо Единственного участника Товарищества. |
| 12.4. Жалғыз қатысушы жылдық қаржылық есептілікті Ревизиялық комиссияның не аудиторлық ұйымның аудиторлық есебінің (сыртқы аудиттің) қорытындысынсыз бекітуге құқылы емес. | 12.4. Единственный участник не вправе утверждать годовую финансовую отчетность без заключения Ревизионной комиссии либо аудиторского отчета аудиторской организации (внешнего аудита). |
| **13. ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ** | **13. РАСПРЕДЕЛЕНИЕ ЧИСТОГО ДОХОДА** |
| 13.1. Серіктестіктің таза кірісі аудиттелген қаржылық есептілік негізінде оның бір жылғы қызметінің нәтижелері бойынша айқындалады. | 13.1. Чистый доход Товарищества определяется по результатам его деятельности за год на основании аудированной финансовой отчетности. |
| 13.2. Серіктестіктің бір жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысы Жалғыз қатысушының шешіміне сәйкес бөлінеді. Жалғыз қатысушы таза табысты немесе оның бір бөлігін бөлуден алып тастау туралы шешім қабылдауға да құқылы. | 13.2. Чистый доход, полученный Товариществом по результатам его деятельности за год, распределяется в соответствии с решением Единственного участника. Единственный участник вправе также принять решение об исключении чистого дохода или его части из распределения. |
| 13.3. Серіктестіктің ықтимал шығындары ол Серіктестікте құрылған жағдайда резервтік капитал есебінен өтеледі. Резервтік капитал қаражаты жеткіліксіз болған кезде немесе резервтік капитал болмаған жағдайда шығындарды жабу көздері туралы шешімді Жалғыз қатысушы қабылдайды. | 13.3. Возможные убытки Товарищества покрываются за счет резервного капитала в случае его создания в Товариществе. При недостатке средств резервного капитала или в случае отсутствия резервного капитала решение об источниках покрытия убытков принимается Единственным участником. |
| **14. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ** | **14. ТРУДОВОЙ КОЛЛЕКТИВ ТОВАРИЩЕСТВА** |
| 14.1. Серіктестік жұмыскерлердің заңдарда белгіленген құқықтарын сақтайды.<br>14.2. Серіктестік барлық жұмыскерлер үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті және олардың денсаулығы мен еңбекке қабілеттілігіне келтірілген залал үшін заңдарда белгіленген тәртіппен жауапты болады. | 14.1. Товарищество соблюдает права работников, установленные Законодательством.<br>14.2. Товарищество обязано обеспечить для всех работников безопасные условия труда и несет ответственность в установленном Законодательством порядке за ущерб, причиненный их здоровью и трудоспособности. |
| **15. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІГІ** | **15. УЧЕТ И ОТЧЕТНОСТЬ ТОВАРИЩЕСТВА** |
| 15.1. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық және статистикалық есептілікті жасау тәртібі заңнамада белгіленеді.<br>15.2. Серіктестік есеп пен есептілікті жүргізудің анықтығы мен тәртібінің сақталуына заңнамаға сәйкес жауапты болады. | 15.1. Порядок ведения бухгалтерского учета, составления финансовой и статистической отчетности устанавливается Законодательством.<br>15.2. Товарищество несет ответственность в соответствии с Законодательством за соблюдение достоверности и порядка ведения учета и отчетности. |
| 15.3. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін Қадағалау кеңесі Жалғыз қатысушының қарауына шығару күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей алдын | 15.3. Годовая финансовая отчетность Товарищества подлежит предварительному утверждению Наблюдательным советом не позднее, чем за 30 (тридцать) календарных дней |

| | |
|---|---|
| ала бекітуі тиіс. Серіктестіктің жылдық қаржылық есебін бекіту Жалғыз қатысушының шешімімен жүргізіледі. | до даты вынесения ее на рассмотрение Единственного участника. Утверждение годовой финансовой отчетности Товарищества производится решением Единственного участника. |
| **16. СЕРІКТЕСТІКТІҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ. СЕРІКТЕСТІК ҚҰЖАТТАРЫ** | **16. РАСКРЫТИЕ ИНФОРМАЦИИ ТОВАРИЩЕСТВОМ. ДОКУМЕНТЫ ТОВАРИЩЕСТВА** |
| 16.1. Серіктестік сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпаратты Жалғыз қатысушының назарына жеткізеді.<br><br>16.2. Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Жалғыз қатысушыға Серіктестік соттың тиісті хабарламасын немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша шақыруды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей берілуі тиіс.<br><br>16.3. Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ашу тәртібі, қызметтік және коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер тізбесі, олардың сақталуын қамтамасыз ету тәртібі Серіктестіктің ішкі құжаттарында айқындалады.<br>16.4. Серіктестіктің өз қызметіне қатысты құжаттарын Серіктестік өз қызметінің бүкіл мерзімі ішінде Басқарма орналасқан жерде немесе Серіктестік Басқармасының шешімі бойынша өзге жерде сақтауы тиіс.<br><br>16.5. Мына құжаттар сақтауға жатады:<br><br>1) Серіктестіктің Жарғысы, Серіктестіктің Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;<br>2) Серіктестіктің Жалғыз құрылтайшысының (қатысушысының) шешімдері, Серіктестіктің Жалғыз құрылтайшысының (қатысушысының) шешіміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;<br>3) Серіктестікті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік/анықтама;<br>4) Серіктестіктің белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауына лицензиялар;<br>5) Серіктестіктің өз балансында тұрған (бұған дейін тұрған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;<br>6) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер болуы тиіс;<br>7) Жалғыз қатысушының шешімдерінен үзінді көшірмелер және оларға тиісті материалдар;<br>8) Қадағалау кеңесі отырыстарының хаттамалары, Қадағалау кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;<br>9) Басқарма отырыстарының хаттамалары. | 16.1. Товарищество доводит до сведения Единственного участника информацию о возбуждении в суде дела по корпоративному спору.<br>16.2. Информация о возбуждении в суде дела по корпоративному спору должна быть предоставлена Единственному участнику не позднее семи рабочих дней с даты получения Товариществом соответствующего судебного извещения или вызова по гражданскому делу по корпоративному спору.<br>16.3. Порядок раскрытия информации о деятельности Товарищества, перечень сведений, составляющих служебную и коммерческую тайны, порядок обеспечения их сохранности определяется внутренними документами Товарищества.<br>16.4. Документы Товарищества, касающиеся его деятельности, подлежат хранению Товариществом в течение всего срока его деятельности по месту нахождения Правления или в ином месте, по решению Правления Товарищества.<br>16.5. Хранению подлежат следующие документы:<br>1) Устав Товарищества, изменения и дополнения, внесенные в Устав Товарищества;<br><br>2) решения Единственного учредителя (участника) Товарищества, изменения и дополнения, внесенные в решение единственного учредителя (участника) Товарищества;<br><br>3) свидетельство/ справка о государственной регистрации (перерегистрации) Товарищества как юридического лица;<br>4) лицензии на занятие Товариществом определенными видами деятельности и (или) совершение определенных действий;<br>5) документы, подтверждающие права Товарищества на имущество, которое находится (находилось) на его балансе;<br>6) положения о филиалах и представительствах Товарищества;<br>7) выписки из решений Единственного участника и соответствующие материалы к ним;<br><br>8) протоколы заседаний Наблюдательного совета, материалы по вопросам повестки дня Наблюдательного совета;<br>9) протоколы заседаний Правления. |

| | |
|---|---|
| 16.6. Өзге құжаттар, оның ішінде Серіктестіктің қаржылық есептілігі заңдарға сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.<br><br>16.7. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат Серіктестіктің www.o-sk.kz ресми сайтында немесе ресми мерзімді бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. | 16.6. Иные документы, в том числе финансовая отчетность Товарищества, хранятся в течение срока, установленного в соответствии с Законодательством.<br>16.7. Информация о деятельности Товарищества публикуется на официальном сайте Товарищества www.o-sk.kz или в официальных периодических средствах массовой информации. |
| **17. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МЕНШІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ** | **17. ПРАВОВАЯ ОХРАНА СОБСТВЕННОСТИ ТОВАРИЩЕСТВА** |
| 17.1. Серіктестіктің меншігін және оған тиесілі құқықтарды құқықтық қорғау заңдарға сәйкес жүзеге асырылады. | 17.1. Правовая охрана собственности Товарищества и принадлежащих ему прав осуществляется в соответствии с Законодательством. |
| **18. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ, ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ** | **18. РЕОРГАНИЗАЦИЯ, ПРЕКРАЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТОВАРИЩЕСТВА** |
| 18.1. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру), сондай-ақ Серіктестіктің қызметін тоқтату заңдарда көзделген реттер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады. | 18.1. Реорганизация Товарищества (слияние, присоединение, разделение, выделение, преобразование), а также прекращение деятельности Товарищества осуществляется в случаях и порядке, предусмотренном Законодательством. |
| **19. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР** | **19. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ** |
| 19.1. Егер осы Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз болса, бұл қалған ережелердің жарамдылығына әсер етпейді. Жарамсыз ереже құқықтық жағынан рұқсат етілген басқа ережемен ауыстырылады.<br><br>19.2. Жарғыға енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша ресімделеді, оған уәкілетті тұлғалар қол қояды және осы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады. Серіктестік Жарғының өзгергені туралы Серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға бір ай ішінде хабарлауға міндетті. | 19.1. Если одно из положений настоящего Устава становится недействительным, это не влияет на действительность остальных положений. Недействительное положение заменяется другим, допустимым в правовом отношении положением.<br>19.2. Все изменения и дополнения к Уставу оформляются письменно, подписываются уполномоченными лицами и являются неотъемлемой частью настоящего Устава. Товарищество обязано в течение месяца известить об изменении Устава орган, осуществивший государственную регистрацию Товарищества. |

**Басқарма төрағасы/**
**Председатель Правления** **Тусупбеков Ж.Р.**